

2-дәріс. АНАХАРСИС. САҚ ҒҰЛАМАСЫ

Дәрістің мақсаты: Сақ заманында аты әлемге мәшһүр болған Анахарсис және оның дүниетанымы туралы ой-тұжырымдарға шолу жасау. Анахарсисің даналығы, тапқырлығы мен тілге қатысты ойларын студенттерге жеткізу.

Біздің жыл санауымыздан бұрын 620-555 жылдары өмір сүрген Анахарсис сақ жерінен (қазіргі Орта Азиядан) шыққан ғұлама.

Философтар қауымына таныс «жеті ғұламаның» ішіндегі ең беделді Милет мектебінің өкілі, материалист – Фалестің алатын орны ерекше. Алғашқы субстанцияны су деп өзінің тұжырымдарын жасаған. Көп жағдайда философия оқулықтарында материализм тарихын осы Фалестен бастайды. Бұдан басқа «Жеті ғұламаға» кімдер кіреді дегенге келсек: Солон, Периандр, Клеобул, Хилон, Биант және Питтак. Бұларға Анахарсисің қандай қатысы бар деген сұрақ бұл тұста әбден орынды. Кейбір авторлар Анахарсис бабамызды «Жеті ғұламаның» бірі деп санайды. Енді сол Анахарсис деген кім деген сауалға жауап беріп көрейік.

Ең алғаш рет Анахарсис туралы сөз қозғаған гректің данышпан философы Платон өзінің «Мемлекет» атты трактатының оныншы бөлімінде Гомер, Фалес және скиф Анахарсис туралы сөз айтылған екен. Онда «Анахарсис аты аңызға айналған скиф, Грецияға саяхат жасағанда Солонмен жүздесіп, сұхбат құрған, Ол туралы Геродот хабарлайды» – делінген.

Тарихтың атасы саналған Геродот арғы заманның V ғасырларында өмір сүрген Анахарсис өзінің даналығын танытып, аты аңызға айналған скифтер туралы деректер жазады. «Дарийдің жорық жасаған елдерінде, Евксинский Понт жағалауындағы скиф тайпаларын айтпағанда, тұрпайы тайпалар өмір сүрген. Понттың солтүстік жағалауында ешбір мәдениетті тайпа болмаған, тек қана атақты скиф Анахарсисі атамағанда (Геродот. «Тарих», Москва, «Наука», 1972, 198-бет)». Яғни, сол заманда ата-бабамыздың өте мәдениетті, данагөй болғандығын атап өткендігі көп мән-жағдайды түсіндірсе керек.

Аталған дерек көздеріне сүйенсек, Анахарсис Қара теңіздің солтүстік жағында өмір сүрген скиф тайпаларының бірінен шыққан тұлға.

Сол замандарда Анахарсис туралы Геродот көптеген аңыз-әңгімелер естіген. Себебі, оның кім болғанын, Грекияға қалай келгенін, есімін, ата тегін ашып бергеніне қарағанда көп дүниені білгенге ұқсайды. Геродоттың айтуынша, Анахарсис скиф патшасы Иданфаристің әкесінің туған ағайыны. Ал Иданфарис болса Парсы патшасы Дариймен соғысқан скиф патшасы. Бұл тарихта белгілі есімдер. Иданфаристің әкесі Савлий Анахарсистің ағасы ма, не інісі ме, ол жері ашылмаған.

Анахарсисті өз жеріне келгенде атып өлтірген де осы өз туысы деген аңыз бар. Бұлардың әкесі Гнур, ол да скиф патшасы. Оның әкесі Лик, оның әкесі Спар-гапиф агафирстар патшасы.

Платон да өз заманында естігенін айтып отыр. Платон заманында Фалес пен Анахарсистен жазба ескерткіштер қалды ма, жоқ па, ол жағын анықтау қиын. Дегенмен, олардың есімі аңызға айналғанына қарағанда тарихта болған адамдар. Аңыз, әңгімелердің астарында ақиқат боларына сенсек, Анахарсис те сол заманның өзінде аңызға айналған тұлға. Жоқ жерден аңыз шықпайтындығы тағы бар. Анахарсис туралы Платонның құлаққағыс болуы да заңдылық. Себебі, Платонның шешесі – атақты Солонның ұрпағы.

Философ Диоген Лаэртский Солон мен Анахарсистің достығы туралы былай дейді: «Ол Афинаға Евкрат архондығының 48-ші олимпиадасына келген. Гермиптің айтуынша, ол Солонның үйіне келіп, қызметші құлға: «Қожайынға айт, алыс скиф жерінен Солонға қонақ әрі дос болуға Анахарсис келіп тұр де» – дейді. Солон құлы арқылы жауап қайтарып: «Әдетте досты адам өз Отанынан іздейді», – дейді. Бірақ, Анахарсис қолма-қол тапқырлық жасап: «Ендеше Солон өз Отанында неге дос іздемеске?!» – дейді. Солон Анахарсистің бұл тапқырлығына таңқалып, үйіне кіргізіп, сол сәттен бастап дос болып кеткен деген аңыздар бар.

Әрине, бұл Солон мен Анахарсистің алғашқы жолығуы жайлы аңыз. Шындығында, Солон мен Анахарсистің бір-бірін сыйлап, дос болғандығы анық.

Платон «Протагор» деген трактатында «Жеті ғұламаның» бірі – Анахарсис деп атаған. Тура осындай мәліметтер Аристотель жазбаларында да кездеседі.

«Аристотель «Никомахтың этикасы» деген еңбегінің оныншы кітабында тағы да Анахарсис айтты деген пікірге сүйенген. «Игі істер атқару мақсатында көңіл көтеру дұрыс, себебі көңіл көтеру – демалыс, ал үнемі үздіксіз жұмыс атқаратын адамдарға демалыс өте қажет» (*Аристотель, Шығармалар, 4-том, 280-бет*).

Өзінен кейін жазба трактат қалдырмағаннан кейін Анахарсистің дүниетанымына қатысты ой айту да қиындық туғызатындығы белгілі. Соған қарамастан, Ғарифолла Есім еңбегінде грек философы Секст Эмпирик Анахарсис туралы мәліметтер келтіреді. Оның айтуы бойынша, Анахарсис – скептик (күдікпен қараушы). Себебі, ол ақиқат өлшемін жоққа шығарушы. Бір нәрсе туралы бір саладағы мамандар пікір салмасса, әртүрлі мамандар пікір таластырса да ортақ бір қорытындыға келе алмайды. Себебі, қанша адам болса, сонша пікір бар. Айтысқа түскен адам бір сәтте айыптаушы немесе айыпталушы статусында болуы да мүмкін. Әрқайсысының өз ақиқаты бар. Демек, ақиқат өлшемі жоқ. Жыл санауымызға дейінгі V-VI ғасырларда осы бағыттағы айтыстардың болуы, әрине, дүниені тануға деген құлшыныстан туындаған. Сөз «сенім» туралы болып отыр. Ал, сенім адамның өміріндегі ең үлкен құндылық. Сенімсіз қоғам болмаған. Осы жерде өзіне сенімді адам ғана үлкен жетістіктерге жете алатындығын атап өткіміз келеді.

Анахарсис туралы арнайы сөз қозғаған философтың бірі Лукиан арғы заманның 125-180 жылдары өмір сүрген. Фридрих Энгельс бұл ойшылды «Көне заман Вольтері» деп өте жоғары бағалаған. Лукиан Македонияда болғанда үлкен амфитеатрларда сөз сөйлеп, дәріс оқыған. Сондағы сөздері: «Скиф», «Геродот», «Зевксис». Оның айтуынша, Афинаға ең бірінші келген скиф Анахарсис емес, одан бұрын Токсарид деген емші-скиф болған. Ол туралы да грек жұртында аңыз бар. Лукианның айтуынша, Анахарсистің Афинаға келгендегі тұңғыш кездескен адамы – осы Токсарид. Ол жас Анахарсисті Солонмен табыстырған. Бұл кезде Солонның егде тартқан шағы

болатын. Солонның қамқорлығының арқасында Анахарсис грек жұртына аты мәшһүр ғұламаға айналғандығы туралы деректер бар.

Диоген Лаэртскийдің «Атақты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері туралы» деген кітабында Анахарсиске қатысты көптеген мағлұмат берген. Онда Солонмен дос болғаны айтылған. «Жеті данышпан» кімдер деген бітіспес дауға Диоген Лаэртский де қатысқан. Оның тұжырымынша, төрт ғұлама туралы талас жоқ: олар Фалес, Биант, Питтак, Солон, ал қалған үшеуін мынандай алты адам ішінен таңдап алу керек. Олар: Аристодем, Памфил, Хилон, Клеобул, Анахарсис, Периандр.

Грекия елінде Анахарсиске қойылған ескерткіште «Басқа пәле тілден» деген сөз жазылған деген деректер бар. Диоген Лаэртский трактаттарында Анахарсис айтты деген мынадай қанатты сөздер кездеседі: «Қалайша маскүнем болмауға болады» деген, «Көз алдында маскүнемнің тұрқы тұрса болғаны», – «Элиндер ісіне таңқаласың, олар басбұзарлыққа қарсы заң шығарғанмен, бірін-бірі ұратын спорт сайыпкерлеріне сыйлық береді». «Кемелердің тақтайының қалыңдығы төрт елі екенін білген кемедегілер өлімнен де төрт елі ғана жерде».

Анахарсиске: «Өлі көп пе, тірі көп пе?» – деген сұрақ қойса: «Ал, теңізде жүзіп жүргендерді қайсысына қосамыз!» деп қайтара сұрақ қойған екен дейді. Бір афиндік оны: «жабайы, тағы елден келгенсің!» деп мазасын алған соң: «Мен үшін менің елім масқара, ал сен өз еліңнің масқарасысың» – депті. Осындай Анахарсис айтты деген сөздер көп кездесіп, аты аңызға айналған.

Солон дүниеден өткен соң Анахарсис өз еліне скиф жеріне оралады. Қайтып келген соң өзінің туыстарының қолынан қайтыс болғандығы айтылады. Туысының атқан садақ жебесінен қансырап өлгелі жатқанда Анахарсис: «Эллада елі менің ақыл-ойымды сақтаса, туған жерімде қызғаныш құрбаны болдым» – деген екен. Анахарсистің қабірінде жазылған «Тіліңді тый» сөзінің астарында да терең философия жатқандығы анық. «Он пәленің тоғызы – тілден» деп қазақ халқы бекер айтпаса керек.